

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

жұмыстарды сатып алу туралы

<жұмыстың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына сәйкес <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <жұмыстың атауы> жұмыстарын сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

<(Шартта төменде келтірілген түсініктер келесі ұғымдарды білдіреді:> (қажет болған жағдайда енгізіледі)

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен _____ <жұмыстың атауы> (бұдан әрі - Жұмыс) сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыру орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсынысын қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптармен Жұмыстарды орындауға өзіне міндеттеме қабылдайды, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Қағидаларда көзделген негіздерді қоспағанда, Шарттың жалпы сомасы ұлғаю жағына қарай өзгермейді. Шарттың жалпы сомасы №2в нысаны бойынша Орындалған жұмыстар актісінің негізінде нақты орындалған Жұмыстардың көлеміне қарай азайтылуы мүмкін.

1.4. Шартта төменде аталған ұғымдардың мынадай түсіндірмелері бар:

1) Шарт - Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ функцияларын не жарғылық қызметін орындау үшін қызмет көрсету туралы Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

2) Жұмыстар - Шарттың 1.1-тармағында көрсетілген және құрылыспен байланысты, заттық мәні бар қызмет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыстарға жатқызылған өзге де қызмет;

3) Материалдар - Жеткізуші Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін пайдаланатын, Жеткізуші өз есебінен және өз күшімен сатып алатын және жеткізетін барлық қажетті шығыс материалдары, бұйымдары, жүйелері мен конструкциялары.

1.5. Жұмыстарды орындау мынадай мекенжай бойынша жүргізіледі: Алматы қаласы, Ермак көшесі, 24.

1.6. Жұмыстар бойынша құны және қосымша ақпарат Шартқа 1 және 2 - қосымшаларда (бұдан әрі - 1, 2-қосымшалар) көрсетілген.

1.7. Жұмыстарды Жеткізуші өз материалдарын, бұйымдарын, конструкциялары мен жабдықтарын, өз күші мен құралдарын пайдалана отырып орындайды. Жұмыстар Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

1.8. Жұмыстарды орындау кезінде Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімімен Жеткізушінің қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартуына жол беріледі. Жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілетін Жұмыстардың шекті көлемі сатып алынатын Жұмыстардың жалпы көлемінің үштен екісінен аспауы тиіс. Қосалқы мердігерлердің қызметтеріне Жеткізуші дербес ақы төлейді және ол Шарт сомасына кіреді.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы *<ҚҚС қоса есептегенде>* _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Жұмыс құны, *<және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)>* кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Жұмыстарды тиісінше орындау фактісі бойынша Жеткізушіден электрондық шот-фактураны алған күннен бастап операциялық 10 (он) күн ішінде және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған, белгіленген тәртіппен ресімделген орындалған Жұмыстар актісі, 2В нысанындағы орындалған Жұмыстар актісі (бұдан әрі - Актілер) негізінде.

Төлем Жеткізуші тиісті түрде ресімделген электрондық шот-фактураны, төлем шоты мен Актілерді ұсынған жағдайда жүргізіледі.

Тиісті түрде ресімделмеген электрондық шот-фактураны, төлем шоты мен Актілерді, оның ішінде дұрыс емес деректемелер көрсетіле отырып, ұсынылған кезде Тапсырыс беруші оларды төлемсіз қайтарады және Тапсырыс берушінің төлем бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі жаңа электрондық шот-фактураны, төлем шоты мен Актілерді ұсынған кезден бастап есептеледі. Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге төлемді уақтылы төлемегені үшін қандай да бір айыппұл санкцияларын салуға құқылы емес.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін

басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 (бес) жұмыс күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізуші орындаған Жұмыстарды <Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы> негізінде қабылдауға;

2) Жеткізушінің Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін тартқан мамандарына Шарттың

4.2. тармағында көрсетілген Жұмыстарды жүргізу орнына кіруіне рұқсатты қамтамасыз етуге;

3) Орындалған Жұмыстар үшін төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге міндеттенеді.

4) Жеткізушінің қызметкерлеріне өткізу және объектішілік режимдері бар мекемелер үшін белгіленген талаптарды сақтау қажеттігі туралы нұсқама беруге міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізушіден Шартта белгіленген толық көлемде және мерзімде Жұмыстардың тиісті түрде орындалуын талап етуге;

2) Жұмыстарды орындау барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;

3) қажет болған жағдайда Жеткізушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысы туралы ақпаратты сұратуға;

4) орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында және (немесе) кепілдік мерзімі кезеңінде орындалған Жұмыстарда кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, толық істелмеулер (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда Шартта белгіленген мерзімде оларды жоюды талап етуге немесе орындалған Жұмыстарды ішінара немесе толық қабылдаудан бас тартуға және Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібере отырып, Актіге қол қоймауға;

5) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;

7) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға **құқылы**.

8) Жеткізушіден Қызмет көрсету кезінде қауіпсіздік техникасы нормаларын, өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауды және Тапсырыс берушінің мүлкіне ұқыпты қарауды талап етуге құқылы.

3.3. Жеткізуші:

1) Жұмыстарды Шартта көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде орындауға;

2) Тапсырыс берушіге Жұмыстың орындалу барысы туралы дәйекті ақпаратты және құжаттарды ұсынуға;

3) орындалған Жұмыстарды Акт негізінде өткізуге;

4) Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында немесе кепілдік мерзімі кезеңінде Ақауларды анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Ақауларды өз есебінен жоюға (оның ішінде ақаулы Материалдарды ауыстыруға);

5) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісті түрде

орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

8) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және ішінара басқа біреуге бермеуге;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға **міндеттенеді** .

10) Шартқа екі жақ Тарап қол қойған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге жергілікті және ресурстық сметаларды, Жұмыстарды орындау кестесін қамтитын Жұмыстар құнының сметалық есебін (Шартқа 2-қосымша) беруге;

11) Жұмыстарды 1, 2-қосымшаларға Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен қағидаларына және өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес орындауға;

12) Алдын ала Объектідегі Материалдарды монтаждау басталғанға дейін күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын Тапсырыс берушіге Материалдардың үлгілерін, эскиздер мен олардың сапасын куәландыратын құжаттарды (техникалық паспорттар, сертификаттар, зертханалық сынақтардың нәтижелері және т.б.) қарауға және келісуге ұсынуға;

13) Жұмыстарды орындау кезінде санитарлық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және Қазақстан Республикасында осындай материалдарға қатысты қолданылатын басқа да белгіленген қазақстандық стандарттарға, талаптарға, нормалар мен қағидаларға жауап беретін жаңа жоғары сапалы материалдарды, жабдықтарды пайдалануға;

14) Тапсырыс беруші жабдығының, материалдарының және/немесе мүлкінің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну тәуекелін көтеруге және Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған кезге дейін Шарт бойынша Қызмет көрсеткен кезде Тапсырыс берушіге залалды өтеуге;

15) Жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі бойынша қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге, толық жауапкершілік алуға және құралдарды, әдістерді, техниканы, Жұмыстардың орындалу реттілігі мен сапасын бақылауға;

16) Шартта көзделмеген Жұмыстардың қосымша түрлері мен көлемдері туындаған жағдайда Тапсырыс берушіге оларды келісу мен Шарттың жалпы сомасы шегінде орындау үшін жазбаша және уақтылы хабарлауға;

17) жасырын жұмыстарды орындау басталғанға дейін күнтізбелік 2 (екі) күн мерзімде бұл туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге және оған жасырын жұмыстарды куәландыру актісін (бұдан әрі – Куәландыру актісі) және қолданылған Материалдарға сәйкестік сертификаттарын жіберуге. Жасырын жұмыстарды куәландыру күні жұмыстарды нақты орындау күніне сәйкес келуі тиіс. Орындалған жасырын жұмыстарды қабылдау Тараптардың уәкілетті тұлғаларының жасырын жұмыстарды фотофиксациялағаннан кейін Куәландыру актісіне қол қоюмен расталады. Тараптар қол қойған Куәландыру актілері, жасырын жұмыстарды фото фиксациялау Объект бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау үшін Тапсырыс берушіге беріледі.

Егер жасырын жұмыстарды жабу Куәландыру актісін ресімдеусіз не осындай актіге қойылатын талаптарды бұза отырып жүргізілген жағдайда, Тапсырыс беруші хабардар етілмеген немесе кешігіп хабардар етілген болса, Жеткізуші Тапсырыс берушінің нұсқауы бойынша өз есебінен және өз күшімен жұмыстарды орындау мерзімін ұлғайтпай, жасырын және кейінгі жұмыстардың осы бөлігін ашуға, содан кейін қалпына келтіруге міндетті.

18) кепілгердің міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарлама беру арқылы орындалған Жұмыстарды толық көлемде қабылдау-өткізу актісіне екі

жақ Тараптың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай ішінде Материалдар мен орындалған Жұмыстардың сапасына кепілдік беруге;

19) Тапсырыс берушінің өкілдерімен және қажет болған жағдайда «Алматы жылу желілері» ЖШС-мен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларға сәйкес Объектіде монтаждалған инженерлік коммуникацияларға сынақ жүргізуге;

20) Жұмыс басталғанға дейін оларды таныстырған Объектіде Тапсырыс беруші белгілеген режимдік талаптарды орындауға;

21) Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан Шартты соттан тыс тәртіппен біржақты бұзған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

22) екі жақ Тараптың уәкілетті өкілдері Шартқа қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылатын қызмет түріне рұқсат беру құжаттарын (қызметі міндетті лицензиялауға жататын жағдайда, жұмыстарды орындау құқығына лицензияның не электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түріндегі лицензияның нотариат куәландырған көшірмесін) табыс етуге;

23) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Жеткізушінің кінәсінен залал келтіру не бұзушылықтарға жол беру себебі бойынша Тапсырыс берушіге үшінші тұлғалармен қойылатын даулы мәселелерді (үшінші тұлғалардың талап-арыздары және/немесе наразылықтарын) Тапсырыс берушінің қатысуынсыз өз бетінше өз қаражаты есебінен шешуге;

24) егер Тапсырыс беруші Жеткізушінің немесе Қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын адамды Объектідегі Жұмыстарды орындаудан шеттетуді, бұл ретте бұл адамды объектіден 72 (жетпіс екі) сағат ішінде алып тастаудың объективті себептерін көрсете отырып өтінсе, одан кейін осы адам Шартта көзделген Жұмыстарды орындауға тартылмауы тиіс;

25) Объект аумағын таза ұстауға, Объектіден барлық құрылыс қоқыстарын өз бетінше жинауға міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Жұмыстарды орындаған кезде қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің қосалқы мердігерлерге жалпы Жұмыс көлемінен үштен екі бөлігінен асатын Жұмыс көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстар үшін төлем алуға **құқылы**.

4) Жұмыстарды орындау болжанып отырған күнге дейін күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын Шарт бойынша Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындауға және Тапсырыс берушіге Акт бойынша тапсыруға;

5) Тапсырыс берушіден тиісті түрде орындалған Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және Шарт талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстар үшін ақы төлеуді талап етуге құқылы.

4. ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

4.1. Жұмыстарды орындау мерзімі - Шарт күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн.

4.2. Жеткізуші Жұмыстарды келесі мекенжай бойынша орындайды: Алматы қаласы, Ермак көшесі, 24.

4.3. Жұмыстарды Жеткізуші өз материалдары мен жабдықтарын пайдалана отырып, өз

күшімен және құралдарымен орындайды.

4.4. Жеткізуші Шартта көзделген Жұмыстарды орындағаннан кейін бұл туралы Тапсырыс берушіге жазбаша хабарлайды және Актіні қол қою үшін жібереді.

4.5. Тапсырыс берушіде орындалған Жұмыстар бойынша Жеткізушімен арада ескертулер мен келіспеушіліктер болмаған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қояды.

4.6. Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстар бойынша ескертулер немесе келіспеушіліктер болған кезде орындалған Жұмыстарды қабылдаудан жазбаша түрде дәлелді бас тартуды жібереді, ал Жеткізуші бұл туралы Тапсырыс беруші хабарлаған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде көрсетілген ақауларды жоюға міндетті. Бар келіспеушіліктер жойылғаннан кейін Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қояды.

5 . КЕПІЛДІКТЕР

5.1. Жеткізуші Шарт шеңберінде орындалған Жұмыстар Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген талаптарға сәйкес келетініне кепілдік береді.

5.2. Кепілдік мерзімі кезеңінде орындалған Жұмыстарда ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіні анықталған ақаулар туралы олар анықталған күннен бастап күнтізбелік 2 (екі) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабардар етеді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде анықталған ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді.

5.3. Орындалған жұмыстарға берілетін кепілдік мерзімі - Тараптар Актіге қол қойған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай.

5.4. Жеткізушіде анықталған ақауларды Шартта белгілеген мерзімде жоюға мүмкіндік болмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырушы Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен, Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда - әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының (Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-ке дейін болғанда - кемінде 1%, Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-тан жоғары болса - кемінде 0,5%), бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) артық емес мөлшерде өсімпұл;

2) орындалған Жұмыстардағы ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда - ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы), бірақ Шарттың жалпы сомасының 5%-ынан (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл.

6.3. Орындалған Жұмыстардан ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартылған жағдайда:

- орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың

жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді;
- кепілдік мерзімі кезеңінде Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 20% (жиырма пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді және Шарт бойынша орындалмаған не тиісінше орындалмаған міндеттемелерге мөлшерлес, Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлеген соманы қайтарады.

6.4. Тараптар Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.5. Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін төленуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде , бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.6. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісті орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.7. Шарттың 3.3. тармағының 2) тармақшасына сәйкес Жеткізуші Жұмыстардың орындалу барысы туралы жазбаша түрде дәйексіз ақпаратты ұсынған фактісі анықталған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Жеткізуші дереу Жұмыстардың орындалу барысы туралы дәйекеті ақпаратты ұсынады.

6.8. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.9. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.10. Жеткізушінің Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны, оның ішінде кепілдік мерзімі кезеңінде бұзғаны үшін Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.11. Егер Тапсырыс беруші соттан тыс тәртіппен Жеткізушінің кінәсінен емес (Шарт бойынша Жеткізушінің өз міндеттемелерін орындамауына не тиісінше орындамауы) Шартты бұзуға бастамашы болса, Жеткізуші Шарт бойынша нақты көрсетілген және қабылданған Қызметтер үшін ғана Шартты бұзу күніне ақы төлеуді талап етуге құқылы.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізушінің Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсынуы қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және шарттық міндеттемелерді

орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа

тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзу анықталған;
- 4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;
- 6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;
- 7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілдік міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс беруші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізуші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках работ

<наименование работ>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок работ <наименование работ> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

<(В Договоре ниже перечисленные понятия имеют следующее толкование:> (включается при необходимости)

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

